

**Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы**

**Күшін жойған**

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 26 шілдедегі N 126 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 16 тамызда N 4500 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 наурыздағы N 198 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 28.03.2014 N 198 шешімімен.**

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексіне, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға тенестірілген адамдарға берілетін женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңына, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы N 504 қаулысына сәйкес Қазалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ** **ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы бекітілсін.
2. Осы шешім ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**XVIII сессиясының төрағасы**  
мәслихатының хатшысы

**Казалы аудандық мәслихатының кезектен тыс**  
**F. Әліш**  
**Казалы аудандық мәслихатының**  
**T. Бөрікүлақов**

**Казалы аудандық мәслихатының**  
2013 жылғы 26 шілдедегі N 126  
шешімімен бекітілген

## **Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау ҚАҒИДАСЫ**

1. Осы Қазалы аудандық әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидасы (бұдан әрі – Қағида) "Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексіне, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына және "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы қаулысына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

2. "Қазалы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – уәкілетті орган) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмекті бюджеттік бағдарламасына сәйкес және аудан бюджетінен қаржыландырылады.

### **1. Жалпы ережелер**

3. Осы Қағидада пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

2) арнайы комиссия – өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша аудан әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі – "Қызылорда облысының статистика департаменті" мемлекеттік мекемесі есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік м е р е к е күндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы - отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) жергілікті атқарушы орган – халықты әлеуметтік қорғау саласында

мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін Қазалы ауданының  
әкімдігі (бұдан әрі - ЖАО);

7) өмірлік қын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде  
бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

8) уәкілдегі орган – жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын,  
әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын "Қазалы аудандық жұмыспен қамту  
және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

9) уәкілдегі ұйым – "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау Министрлігінің "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы"  
Республикалық мемлекеттік қазыналық қәсіпорнының Қызылорда облыстық  
филиалы;

10) участекілік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген  
адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және  
қорытындылар дайындау үшін тиісті аудан әкімінің шешімімен құрылатын  
комиссия;

11) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

4. Осы қағиданың мақсаты үшін әлеуметтік көмек ретінде ЖАО мұқтаж  
азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қын  
жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне  
ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек болып табылады.

5. "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға  
теңестірілген адамдарға берілетін женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау  
туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабында  
және "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005  
жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында көрсетілген  
адамдарға әлеуметтік көмек осы қағидада көзделген тәртіппен көрсетіледі.

6. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын,  
жартыжылдықта 1 рет) көрсетіледі.

## **2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі**

7. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесі:

1) Ұлы Отан соғысы қатысушылары және мүгедектері;

2) женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысушыларға  
теңестірілген адамдар деп мыналар танылады:

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен)  
жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне;  
екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары

құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстай орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары; басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысуышылар, а т а п а й т қ а н д а :

бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегендे); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшуулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер;

1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар;

3) жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдар деп мыналар танылады:

бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндеттін өтеге кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер;

әскери міндеттін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндеттін орындаудына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар;

Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар;

4) Жеңілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысуышыларға

теңестірілген адамдардың басқа да санаттары деп мыналар танылады:

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталмаған адамдар;

5) зейнет жасына жеткен адамдарға, атап айтқанда:

"Отан", "Данқ" ордендерімен наградталған, айырымның ең жоғары дәрежесі – "Халық қаһарманы" атағына, республиканың құрметті атақтарына ие болған а зам а т т а р ;

6) мүгедектерге, мүгедек баланы тәрбиелеушілерге, үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларға;

7) саяси қуғын-сүргін құрбандары, мүгедек болып қалған немесе зейнеткер болып табылатын саяси қуғын-сүргіннен зардал шеккен адамдар;

8) көп балалы отбасыларға, атап айтқанда:

"Алтын алқамен", "Күміс алқамен" марапатталған немесе бұрын "Ардакты ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана данқы" ордендерімен марапатталған көп балалы аналар;

бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған балалары, оның ішінде орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдарда, жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысанында оқитын балалары бар көп балалы отбасылар, балалары кәмелеттік жасқа толғаннан кейін олар оқу орнын бітіретін уақытқа дейін (бірақ әрі дегенде жиырма үш жасқа толғанға дейін);

9) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, интернаттық ұйымдардың тәрбиеленушілеріне;

10) жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасыларына;

11) мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулезben емделудің сүйемелдеу кезеңімен ауыратын а зам а т т а рға ;

12) әлеуметтік тұрғыдан халықтың осал топтарынан білім алушы студенттерге, атап айтқанда:

бала кезінен мүгедектер, мүгедектер, даму мүмкіндіктері шектеулі балалар;

жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

интернаттық ұйымдардың тәрбиеленушілері;

көп балалы отбасылардың балалары;

ата-анасының екеуі де зейнеткер болып табылатын;

ата-анасының екеуі немесе біреуі мүгедек болып табылатын; мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан

шыққан

балалар;

оралмандардың отбасылары;

13) ауылдық елді-мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына, ауылдық жерде жұмыс істейтін білім берудің педагог

қызметкерлеріне

көрсетіледі.

Адамның (отбасының) материалдық-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізу

үшін

мынала:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;

2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның

мұлкіне

зиян

келуі;

3) жетімдік;

4) ата-анасының қамқорлығының қалу;

5) дene және (немесе) ақыл-ой мүмкіндіктерімен байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуы;

6) әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналасындағы қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі;

7) мүгедектік;

8) жергілікті өкілді органдар ең төмен күнкөріс деңгейіне еселік қатынаста белгілейтін шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы негіздеме болып табылады.

Арнайы комиссия әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде аудандық мәслихат бекіткен азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелер тізбесін басшылыққа алады.

8. Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері облыстың ЖАО келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде белгіленеді.

9. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындейды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

10. Әлеуметтік көмек атаулы күндер мен мерекелік күндерге әлеуметтік көмек табыстарын есепке алмай, келесі мөлшерде:

1) 9 мамыр – Женіс күніне орай:

Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталған адамдарға – 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) 31 мамыр – Саяси құғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу  
күніне орай:

саяси қуғын-сұргін құрбандарына, мүгедек болып қалған немесе зейнеткер болып табылатын саяси қуғын-сұргіннен зардап шеккен адамдарға – 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

11. Жекелеген санаттағы азаматтарға коммуналдық қызметтерге әлеуметтік көмек табыстарын есепке алмай, жылына бір рет:

1) Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған әйелдеріне (куйеулеріне), екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одактастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына – 40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысушылар, атап айтқанда:

бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілерге, 1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға

тікелей қатысқан адамдарға – 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне тәңестірілген              адамдар              деп              мыналар              танылады:

бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер, әскери міндетін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндетін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар, Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдарға – 30 айлық есептік              көрсеткіш              мөлшерінде;

4) женілдіктер мен кепілдіктер бойынша соғыс қатысушыларына тәңестірілген              адамдардың              басқа              да              санаттарына,              атап              айтқанда:

5) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталмаған адамдарға – 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде              көрсетіледі.

12. Жекелеген санаттағы азаматтарға қоғамдық көлікте журуі үшін әлеуметтік көмек              табыстарын              есепке              алмай,              ай              сайын:

1) "Отан", "Даңқ" ордендерімен наградталған, айырымның ең жоғары дәрежесі – "Халық қаһарманы" атағына, республиканың құрметті атақтарына ие болған азаматтар – 1,9 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

13. Үйде оқитын және тәрбиленетін мүгедек балаларға әлеуметтік көмек білім беру кезеңіне табыстарын есепке алмай, тоқсан сайын - 9 айлық есептік көрсеткіш              мөлшерінде              көрсетіледі.

14. Өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсандан жан басына шаққандағы орташа табысы Қызылорда облысы бойынша ең тәменгі күнкөріс деңгейінен тәмен табыстары бар отбасылардың тұлғаларына тұрмыстық қажеттіліктерге әлеуметтік көмек, жылына бір рет 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде

## көрсетіледі.

15. Мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулезben емделудің сүйемелдеу сатысымен ауыратын, табыстарын есепке алмай, қосымша тамақтануға әлеуметтік көмек алты ай көлемінде ай сайын - 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

16. Қазақстан Республикасының оқу орындарында бакалавр академиялық дәрежесін алу үшін студенттерге әлеуметтік көмек табыстарын есепке алмай, жергілікті бюджет қаражаты есебінен, жылына бір рет, білім беру ұйымдарына жылдық оқу құнының мөлшерінде шығындарды өтеуге көрсетіледі.

17. Тұрғын үй-жайларды жылтыу үшін отын сатып алуға табыстарын есепке алмай әлеуметтік көмек, жылына бір рет ауылдық елді-мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік деңсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына, ауылдық жерде жұмыс істейтін білім берудің педагог қызметкерлеріне - 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

18. Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру не әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы Қызылорда облысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар азаматтарға әлеуметтік көмек, жылына бір рет, әрбір отбасы мүшесіне – 40 айлық есептік көрсеткіш, бірақ шекті шамасы отбасына жалпы жиынтығы 150 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде көрсетіледі.

19. Қазақстан Республикасының оқу орындарында бакалавр академиялық дәрежесін алу үшін студенттерге оқу ақысын төлеуге әлеуметтік көмек өнірге қажет мамандықтар бойынша әлеуметтік тұрғыдан халықтың осал тобы қатарынан, күндізгі оқыту нысаны бойынша білім алатын Қазалы ауданының жастарына

тағайындалады.

Әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім студенттердің біліктілік сипаттамаларын бағалау критерийлерінің негізінде қабылданады.

Біліктілік сипаттамаларын бағалау критерийлері студенттің әлеуметтік мәртебесі, оқу жүзеге асырылатын мамандыққа деген қажеттілік, оқуды аяқтап, бакалавр академиялық дәрежесін алғаннан кейін, мамандығы бойынша ауылдық жерде орналасқан ұйымдарда кемінде 5 (бес) жыл жұмыс істеуге дайындығын білдірүі

болып

табылады.

Әлеуметтік көмек оқу орнының білім беру қызметінің құны шегіндегі жыл сайынғы төлемдерден және тамақтану мен тұру шығындарын ішінара өтейтін ай сайынғы әлеуметтік төлемдерден тұрады.

Оқу орнының білім беру қызметінің құны шегіндегі жыл сайынғы төлемдер "Қазалы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"

мемлекеттік мекемесі тарапынан оқу орнының екінші деңгейлі банктегі есеп шотына және (немесе) тамақтану мен тұру шығындары студенттің екінші деңгейлі банктегі жеке есеп шотына аударылады.

### **3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі**

20. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті үйымның не өзге де үйымдардың ұсынымы бойынша аудан әкімдігі бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

21. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе кент, қала, ауылдық округтың әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

- 1) жеке басын куәландыратын құжатты;
- 2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;
- 3) "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы N 504 қаулысының 1-қосымшаға сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;
- 4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;
- 5) өмірлік қыын жағдайдың туындағанын растайтын актіні және/немесе құжатты үсінады.

22. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтада.

23. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе кент, ауыл, ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін участекелік комиссияға жібереді.

24. Участекелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы N 504 қаулысының 2, 3-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындауды және оларды уәкілетті органға немесе кент, қала, ауылдық округ әкіміне жібереді. Кент, қала, ауылдық округ әкімі участекелік комиссияның актісі мен

қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

25. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

26. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен үйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

27. Уәкілетті орган участелік комиссиядан немесе кент, қала, ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

28. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, он қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

29. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағиданың 25 және 26-тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе кент, қала, ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

30. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушінің жазбаша хабардар етеді.

31. Белгіленген негіздемелердің біреуі бойынша әлеуметтік көмек күнтізбелік бір жыл ішінде қайта көрсетілмейді.

32. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;  
2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;

3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

33. Адамның (отбасының) орташа есеппен жан басына шаққандағы табысын

есептеуді уәкілдегі орган "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі N 237-ө бұйрығына сәйкес жүргізеді.

#### **4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер**

34. Әлеуметтік көмек:

1) алушы қайтыс болған;

2) алушы тиісті әкімшілік-аумақтың бірліктің шегінен тыс тұрақты тұруға кеңекен;

3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;

4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

35. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

#### **5. Әлеуметтік көмекті төлеу және қаржыландыру**

36. Әлеуметтік көмек ақшалай нысанда тиісті банк операциялары түрлеріне лицензиялары бар ұйымдарда ашылған банк шоттарына аудару жолымен екінші деңгейлі банктер арқылы жүзеге асырылады.

37. Әлеуметтік көмек тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда бекітілген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің өзгерісін ескере отырып төленеді.

38. Әлеуметтік көмек беруге шығыстарды қаржыландыру ауданның бюджетінде көзделген ағымдағы қаржылық жылға арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

#### **6. Қорытынды ереже**

39. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілдегі орган "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдаланастырып жүргізеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК